

Аудан әкімдігінің 2012 жылғы 10 мамырдағы N 15/01 "Қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 7 тамыздағы N 27/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 22 тамызда N 8-15-173 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 20 ақпандағы N 14/02 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімдігінің 20.02.2014 N 14/02 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы", 2002 жылғы 11 шілдедегі "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің 2012 жылғы 10 мамырдағы N 15/01 "Қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 8-15-170 болып тіркелген, "Сельский труженик" аудандық газетінде 2012 жылғы 16 маусымдағы N 24 (7300) жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

мемлекеттік тілдегі қаулының 3 тармағының 1) тармақшасындағы " ата-анасының біреуіне және мүгедек баланың" сөздері "үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балалардың ата-анасының біреуіне және" сөздеріне ауыстырылсын.

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 1 сәуірден бастап пайда болған қатынастарға таратылады.

Аудан әкімі	С. Аймақов
-------------	------------